УДК 338. 984

Е. С. Чагайдак ((09-NМЭ-1), Л. И. Сорокина (ШҚМТУ)

Аңдатпа

Магистрлік дисертацияның тақырыбы – «Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының инвестициялық тартымдылығын арттыру жолдары («МЕБЕЛЬ-СЕРВИС» ЖШС мысалында).

Тақырыптың өзектілігі: тақырыптың өзектілігі Қазақстандағы кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуінің экономикалық жағдайларына және кәсіпорын қызметін реформалауды ғана емес, кәсіпорынның нақты экономикалық жағдайларын, мәселелері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, бизнес үрдісті қалпына келтіруді жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты болып отыр. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мен сату рыногының үлесін бірқалыпта ұстап отыру үшін кәсіпорын өндірістік қуаттылығын реконструкциялап отыруы, қолданыстағы материалдық-техникалық базаны жаңартып отыруы, өндірістік қызмет көлемін ұлғайтуы, жаңа қызмет түрлерін игеруі қажет.

Ескі жабдықтарға реконструкция жүргізу және жаңа жабдықтарды сатып алуы үшін кәсіпорын қомақты қаражат салуы қажет болады, ол кәсіпорын үшін көбінесе бос ақша қаражатының болмауынан қол жетімді бола бермейді. Қажетті қаражатты тарту үшін кәсіпорын агрессивті инвестициялық саясат жүргізуі тиіс.

Бұл жұмыстың мақсаты кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын арттыру жолдары ғана емес, сондай-ақ, дұрыс қабылданған инвестициялық шешім фирманың алдағы уақыттағы жұмысына ықпал ететіндігін дәлелдеу болып табылады.

Зерттеу нысаны «МЕБЕЛЬ-СЕРВИС» ЖШС болып табылады. Зерттеу пәні ретінде «МЕБЕЛЬ-СЕРВИС» ЖШС инвестициялық тартымдылығы алынған.

Дипломдық жұмысты жазу үшін ақпараттық-методологиялық база ретінде инвестиция саласындағы шетелдік және отандық мамандардың ғылыми еңбектері, сонымен қатар мақалаларда, монографияларда, жарияланымдар мен

Интернет ресурстарда жарияланған мәліметтер, «Мебель-Сервис» ЖШС есептері мен алғашқы құжаттары қолданылды.

Бұл жұмыстың ғылыми маңыздылығы барлық ұсынымдарды осы мекеменің инвестициялау бөлімінің ағымдағы жұмыстарында қолдануға болатындығында, өйткені онда өзекті мәселелер көтеріліп, инвестициялық тартымдылықты арттыру жолдары бойынша механизмдер көрсетілген.

Қорытынды: Инвестициялау кез-келген қарқынды дамып келе жатқан коммерциялық ұйым жұмысының аса маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Инвестициялық қызметті жоспарлап, жүзеге асыру үшін алдын ала талдау жасау өте маңызды болып табылады, ол инвестициялық жобаларды әзірлеу кезінде жүргізіледі.